

Онда ас беру, беттерін тіліп қанатудан тыс, бағана орнатып, мүрде жасайды. Сүйек күлін тас табытқа салғанады екен. Осы деректерге қарап, кісіні айналуға болмайды деген тыйымның неге айтылатынын аңғаруға болады. Қазақ тіліндегі «бетің жырту», «бетің тіліңгір», «көзіңнен қанды жас аққыр» қарғыс мәнді сөздерді, күлінді көкке ұшыру, күл қылып жіберу осы салтқа байланысты туындаған тәрізді [1, 121].

Күлін көкке ұшыру – тіркесінің пайда болуына байланысты деректі А.Сейдімбек те айтқан. Бұл тіркестің тілімізде сақталып келуін ғалым тарих қойнауларындағы тамырлы мәдениеттің бір кездегі ортақ бастауын көшпелілер әлемінен іздейді. Қос өзен (Әму мен Сыр) арасындағы көне қорғандар мен мазарлар бір кездегі 2-3 мың жылғы мәдени айғақтар белгісі. Сондағы «Шылпық қорғанында өлген адамды өртейтін орын болған. Бұл дәстүр кейін Иран мен Индияға ауысты. Тіліміздегі «күлін көкке ұшырамын» немесе «күлінді көкке ұшырайын ба?» деген тұрақты тіркестің астарында сол көне рәсімнің жаңғырығы жатыр» [10, 183-184].

Қорыта келгенде, фразеологизмдерде этностың танымдық білімдері жинақталады. Фразеологизмдердің шығу мотивтері көшпелі өмір салтымызбен, аңшылық өнермен, діни ғұрыптармен, мифологиямен тығыз байланысты. Алайда олардың шығу тарихы бұлармен ғана шектелмейді. Біз мақаламызда тек төрт арнаға ғана шолу түрінде тоқталдық. Байқағанымыздай, тіл білімін басқа ғылым салаларымен байланыстыра отыра, фразеологизмдердің танымдық табиғатын, пайда болу мотивтерін тереңірек ашып көрсетуге болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қ.Ғабитханұлы. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы: Арыс, 2006. – 188 б.
2. З.Ержанова. Қазақ қолөнеріне байланысты фразеологизмдердің этномәдени аспектісі: фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 29 б.
3. Хазимова Ә.Ж. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени аспектілері: фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2002. – 30 б.
4. Қазақтың мифтік әңгімелері. - Алматы, «Ғылым», 2001. – 398 б.
5. Байғұтова М. Қазақ әйелі концентісінің этномәдени сипаты: фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2008. – 35 б.
6. Адилова А.С. Қазіргі көркем мәтіндердегі цитация құбылысы немесе мәтін ішіндегі мәтін: Монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2012. – 262 б.
7. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2004. – 52 б.
8. Байтелиева Ж. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі. Фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 28 б.
9. С. Мұқанов «Халық мұрасы». Алматы, «Қазақстан», 1974. – 304 б.
10. Г. Смағұлова «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері», Алматы, «Ғылым», 1998. -215 б.

Бажикеев К.К., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КЯИЛ-21 тобының магистранты
(*Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Смағұлов Ж.Қ.*)

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЛИХАНТАНУ НЕГІЗДЕРІ

XX ғасыр басындағы қазақ халқының саяси көсемі, ұлт лидері, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің төрағасы, энциклопедист-ғалым Әлихан Бөкейхан есімі араға ұзақ уақыт салып елімен қайта қауышты. Бұл әдебиетші, тарихшы, зерттеуші ғалым-мамандарымызға күрделі де қиын кезеңде ғұмыр кешкен, бір басына сан түрлі өнер мен ғылымды жиган, қиын-қыстау заманда ұлтының ұйытқысы, халқының ұстазы бола білген осынау тұлғаның елі үшін еткен еңбегін саралау, қалдырған мол мұрасын зерттеу мен тарихи тұлғасын тұтас халыққа таныстыру сынды келелі мақсат-міндет жүктеген болатын. Бүгінгі күнге шейін ұлт лидерінің сан алуан ғылыми-шығармашылық мұрасын зерттеуде, оны насихаттауда ұлттық әдебиеттану мен тарихнамада біршама зерттеу еңбектері мен мақалалар жарық көрген болатын. Әлихантануда Р.Нұрғали, М.Базарбаев, М. Қойгелдиев, Т. Кәкішев, С. Аққұлұлы, Т. Жұртбай, Д. Қамзабекұлы, Ж. Смағұлов, Б. Қойшыбаев сынды ғалым-зерттеушілердің еңбегі ерекше. Аталған әдебиеттанушы, тарихшылар зерттеулері негізінде ұлт көсемі ғұмыр кешкен дәуір, Алаш қозғалысы, Ә.Бөкейханның ғылыми-әдеби мұралары жан-жақты

талданып-сараланып, шығармалары баспа бетін көріп, осы зерттеулер нәтижесінде Алаш ардақтысының тарихи, әдеби тұлғасы кеңінен ашылып, бағаланды. Бірақ бұл істер элихантанудың соңы емес екені анық. Ұлт зиялысының күрделі тағдыр-ғалайы, бізге белгілі сондай-ақ іздеуді қажет етер мұрағаттар қойнауында жатқан сан алуан мұрасы ұлттық әдебиет туралы ғылым мен тарихтануда әлі де болса зерттеу өзегі болар істердің барлығын аңғартады.

Тоталитардық жүйе үстемдік құрған, маркстік-лениндік әдіснама қалыбындағы кеңестік әдебиеттануда Әлиханның шығармалары түгілі атын атауға тыйым салғаны белгілі. Тек 1988 жылдан бері қарай Алаш Арыстары жаппай ақталғаннан кейін ғана Бөкейханов есімі мен мұрасын тану, зерттеу мүмкін болды. Бұл салада алғашқылардың бірі болып М. Қойгелдиев, М. Базарбаев, Р. Нұрғали, С. Аққұлұлы сынды ғалымдар үн қатты. Белгілі тарихшы, Алаш қозғалысы мен Әлихан Бөкейханнның шығармашылық ғұмырбаянын алғашқы зерттеушілердің бірі М. Қойгелдиевтің мұрындық болуымен 1994 жылы Алаш көсемінің тұңғыш шығармалар жинағы жарық көрген болатын. Бұл араға жарты ғасырдан астам уақыт салып Әлихан Бөкейхан шығармаларының баспа бетін көруі еді. М. Қойгелдиев кітаптың алғы сөзінде атап өткеніндей, жинақта негізінен ұлт ұстазының өзі ұйымдастырған «Қазақ» газетінде жарық көрген шығармалары қамтылған. Олар шығармаларының жанрына сәйкес мақала-зерттеулер, рецензиялар, аудармалар деп топтастырылып, белгілі бір жүйеге сай берілген. Сонымен қатар жинақта Алаш арысы жайлы басқа да авторлардың жылы лебізі мен пікірлері және ең бастысы М. Қойгелдиевтің Ә.Бөкейханнның шығармашылық ғұмырнамасын Алаш қозғалысымен, ғасыр басындағы саяси оқиғалармен сабақтастыра саралаған көлемді зерттеуі жаррияланған болатын. Бұдан бұрында Әлихан жайында ірілі-уақты мақалалары жарық көрген тарихшының бұл зерттеуінде Әлиханның жеке өмірбаянынан бастап, ХХ ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік оқиғалар (1905 жылғы орыс революциясы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, Уақытша Үкімет, Совет үкіметінің орнауы, Алаш автономиясы мен Алашорда Үкіметінің құрылуы, Түркістан (Қоқан) автономиясы, азамат соғысы) және оған Әлиханның қатысы және жетекші рөлі сынды мәселелерді қозғай отырып оның тарихи тұлғасын, ұлт лидері ретіндегі болмыс-бітімін жан-жақты ашу ниеті байқалады [1]. Алаштың Әлиханы атты бөлімінде Ә.Бөкейханнның қайраткер ретінде қалыптасуын автор «Біріншіден, Әлихан еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті... ..екіншіден ХХ ғасыр басында озық ойлы Европа мәдениеті мен дәстүрінің ықпалынсыз Ә.Бөкейханов сынды ірі қайраткердің қалыптасуы, әрине, мүмкін емес-тін...» деп екі негізбен байланыстырады [1, 8]. Жалпы зерттеушінің бұл мақаласы ғасыр басындағы қазақ қоғамы кешкен аласапыран дәуірге тарихи сараптама жасай отырып, осы негізде Әлихан және оның қайраткер, ұлт көшбасшысы ретіндегі тұлғасын айқын көрсете білуімен құнды. Десе де тарихшы Әлиханның күрделі де қайшылықты ғұмырына, оның әдебиеттанушы, көсемсөз шебері, ғалым ретіндегі қырларына толық тоқталуды мақсат етпегені байқалады.

Араға жыл салып Әлихан Бөкейханнның таңдамалы шығармалары әдебиетшілер М. Базарбаев, С. Аққұлұлылардың құрастыруымен жарық көрді. Кітапқа ұлт көсемінің әр түрлі басылымдар бетінде жарық көрген саясат, шаруашылық, жер мәселесі, әдебиет және әдеби мұра сынды әр алуан мәселелерді қозғаған сын және танымдық-зерттеу мақалалары, сондай-ақ бірқатар көркем аудармалары енген [2]. Бұл еңбектердің ішінде Әлиханның бірінші жинағында қамтылмаған шығармалары да көптеп кездеседі. Ал әдебиетші Мүсілім Базарбаев өзінің беташар мақаласында ғұмырнамалық, танымдық сипатта Ә. Бөкейханнның өмірі мен шығармашылығы, саяси қызметіне кеңінен тоқталады. Автордың бұл зерттеуі кейіннен толықтырылып, «Замана тудырған әдебиет» атты Алаш арыстары мен басқа да әдебиет өкілдері шығармашылығын монографиялық тұрғыда қарастырған еңбегінде жарық көрген болатын. Бұл зерттеу мақаласында автор әр тарауда шолу түрінде болса да Әлиханның аудармашылық еңбегін, әдебиетші, публицист, саяси қайраткер ретінде атқарған істерін бағалап, пікір білдіріп, Алаш арысының жан-жақты тұлғасын танытуға күш салады. Әлихан өмірбаянына тоқтала отырып отырып әдебиетші оның туған жылын 1866, 1867. 1869 жылы деп көрсетушілер дерегін негізсіз деп тауып, оқу бітіру куәлігі, аттестаты сынды тарихи құжаттарда көрсетілген дерек негізінде Ә.Бөкейханов 1870 жыл дүниеге келді деп көрсетеді. Әлиханның студенттік жылдары мен Омбы, Самарада тұрған кезеңі мен атқарған қызметін Оксфорд университеті мен Орта Азияны зерттеу қоғамы, ағылшын ғалымдарының зерттеу еңбектері мен архив құжаттарын қолдана отырып баяндайды. М. Базарбаев зерттеулерінің құндылығы алғашқылардың бірі болып ұлт көсемі, саяси қайраткер Әлиханның сондай-ақ ғалым, әдебиеттанушы, фольклортанушы, аудармашы да екендігіне үніліп, зерттеп, оны жалпақ жұртқа жария етуінде. «Ә. Бөкейхан – қазақтың тұңғыш энциклопедисі деугетолық негіз бар. ХХ ғасыр басында неміс Ф. А. Брокгауз бен орыс И. А. Ефрон секілді баспашылдардың «Жаңа энциклопедиялық сөздігін» шығарып тұрғаны мәлім. Қазақ өлкесін танушы ғалым Әлекең осы сөздікті эзірлеуге атсалысқан» дей отырып,

«Ә. Бөкейхан – көркем әдебиетке де көп көңіл аударған ғалым... ...ауыз әдебиеті мұраларын жинау, оларды жіктеп бастыру, әдебиеттану, көркем аударма – Әлекеңнің сонау бастан сүйсіне атқарған істерінің бірі» деген пікір арқылы Алаш көсемінің әдебиет әлемімен тығыз баланысын екшейді [2, 16]. «Әлихан – фольклоршы. Ол қазақ эпосы мен фольклорын ғылыми тұрғыдан зерттеген тұңғыш ғалым еді»- деген ағылшын ғалымдарының дәйекті пікірлерін де атап көрсетеді. Әлиханның әдебиетке қатысты зерттеулерін талдап-таразылай отырып, ол жан-жақты әдебиет зерттеушісі, әдебиет тарихындағы тұңғыш абайтанушы ғалым, орыс, қазақ тілдерінде қатар жазған публицист деген М. Базарбаев пікірін Алаш ардақтысының шын мәніндегі әмбебап дарыны мен болмыс-бітімін, ғылыми-шығармашылық қызметін дәл байыптағаннан туған ой десек қателеспейміз. Сонымен бірге әдебиетші бұл зерттеуінде Ә.Бөкейхановтың саяси көсбасшы, қайраткер ретіндегі тұлғасын да назардан тыс қалдырмайды.

Тәуелсіздік жылдарында ұлттық әдебиеттану мен әлихантану Р. Нұрғали, Т. Жұртбай, Ж.Смағұлов зерттеулері арқылы жандана түсті. Академик Р. Нұрғали Алаш арысы жайлы зерттеу мақаласында Әлихан Бөкейхан шығармашылығын тұтас саралап, Алаш арысының ғылыми мұрасын тереңірек талдайды. Сан салалы ғалым мұрасына көз жүгірте отырып, «ғалымның негізгі, басты еңбектері қазақ халқының тарихына, экономикасына, мәдениетіне, шаруашылық жүргізу тәсілдеріне, ру-тайпалар шежіресіне, тұрмыс-салтына, қазақ жерлерінің отарлану тағдырына арналаған» деген пікірге тоқтайды [3, 39]. Ұлт көсемінің артына қалдырған шығармашылық мұрасына тақырыбы мен көтерген мәселелеріне орай жеке-жеке тоқталып, бүгінгі кезең тұрғысынан бағалап, Әлихан сөз еткен мәселелердің маңыздылығы мен ауқымдылығына көз жеткізеді. Зерттеуші Бөкейхановтың патшалық Ресейдің отарлық саясаты мен оның түрлі құйтұрқы амал-айласын, орыстардың қазақ жеріне қалай қоныстанғанын ашып көрсеткен мақалаларының мол дәйек пен дерекке, бұлтартпас шындыққа негізделгенін атап көрсете келе, «Әлихан Бөкейхан еңбектері қазір Қазақстанның солтүстік территорияларына көз алартып, олар ежелден казактардың, мұжықтардың жері дейтін Солженицын, Горбачев, Жириновский тағы басқа шовинистердің сандырағына бірден-бір берілетін тарихи жауап болып табылады» деп бағамдайды [3, 40]. Р.Нұрғали зерттеуіндегі Әлихан бұл, өткен арғы-бергі тарихты жете білетін тарихшы, көшпелі дала өмірін, көшпенділер өркениетін, туған халқының тұрмысы мен шаруашылығын, өмір сүру заңдарын тұтастай меңгерген кәсіби өлкетанушы, білгір ғалым, дүние жүзі әдебиеті, тарихы мен мәдениеті айдынына терең бойлаған зерттеуші, замана сырын сұңғылалықпен түсіне білген көреген саясаткер, саясат майданында халқын өрге сүйреген нағыз көсем және әдебиеттану мен әдеби сындағы алғашқы кәсіби зерттеу еңбектердің иесі, ұлт ұстазы. Бұл Алаш ардақтысының шығармашылық мұрасын, сан алуан зерттеу-мақалалары мен еңбектерін терең түсініп, талдап-таразылау арқылы туған пікір мен берілген баға екеніне дауымыз жоқ. Тіпті бір ғана қой шаруашылығына, жерді пайдалануға қатысты атты мақалаларын сөз еткенде зерттеуші энциклопедист-ғалымның ғылыми тұжырымдары мен келтірген деректері негізінде оның шын мәніндегі жер маманы, әмбебап ғалым, кәнігі эколог, статист екендігін, ал қазақ халқының жайына, сол тұстағы мінез-құлық, болмысына тоқталған мақалалары арқылы Әлиханды туған халқының әлеуметтік психологиясын терең меңгерген психолог ретінде саралайды. Осындай келелі пікір, тоқтамдар жасай отырып, академик Р.Нұрғали Әлекеңнің тарихи тұлғасын, оның ерекшелігін төмендегідей ойымен сабақтайды. «XX ғасыр басындағы басқа да қазақ қаламгерлеріне қарағанда Әлихан Бөкейханның бір ерекшелігі – оның арнаулы еуропалық жан-жақты білімі бар, эрудициясы мол, мәселені ерекше кең қоя алады, дүниежүзілік тарихтан мысал алуға жүйрік... ...кез келген озбыр патша әкімімен, қызылкөз отаршыл генерал-губернатормен, нәсілшіл профессорлармен, шовинист депутатпен, шарифатқа шұлғыған дін иелерімен, кеудемсоқ кейбір қазақ оқығандарымен терезесі тең сөйлесе алады» [3, 48].

Жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Ұраным - Алаш» атты зерттеу еңбегінде көшбасшысы Ә.Бөкейхан болған «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің үстінен жүргізілген барлық тергеу амалдары сөз болады [4]. Ұзақ жылдар аралығында, 1988-1991, 1997 жылдары Мемлекеттік қауіпсіздік комиитетінде мұрағат деректерімен танысу мүмкіндігіне ие болған ғалым осы арқылы Әлихан бастаған Х. Ғаббасов, Д. Әділов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов Алаш ардагерлерінің басынан өткен ауыр, күрделі кезеңді тарихи құжаттар тілімен баяндай отырып, көпшілікке беймәлім біраз сырдың басын ашады. Алаш Арыстарының соңынан шам алып түскен қудалау әрекеттері, ГПУ тергеушілері мен большевик жендеттерінің құйтұрқы іс-амалдары, тергеу хаттамалары мен Алаш қайраткерлерінің бір-біріне жазған хаттары мен т.б. құжаттар негізінде сол дәуірдің бүкіл шындығы жан-жақты тарқатылып талданады. Әлихан Бөкейхан мен Алаш бұл – егіз ұғым. Алаш партиясы, Алашорда үкіметі мен автономиясы, ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік, әдеби, тарихи оқиғаларға Әлихан есімінсіз тоқталу, баға беру мүмкін емес. Сол аталмыш оқиғалардың басы-қасында жүріп,

белсене араласқан талай қуғын-сүргінді, «тар жол тайғақ кешуді» басынан өткерген Әлиханнның тергеушілерге берген жауабы, сол кезеңдегі барлық іс-әрекеті бүгінгі күн биігінен талданып, сараланған еңбектің бүгінгі әлихантануға берері көп.

Қазақ әдебиетіндегі ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихын, оның туу, қалыптасу дәуірлерін ғылыми тұрғыда алғаш зерттеуші профессор Ж. Смағұлов еңбектерінде де Ә.Бөкейхан есімі ерекше аталады. Әлихан есімі ұлттық әдебиет туралы ғылымның туу кезеңімен тарихи бірлікте сараланып, оның ғасыр басындағы ұлттық әдеби-тарихи, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің ізашары, отандық абайтану ілімінің негізін салушы екенін ғылыми тұрғыда негіздеп, баға береді. Сонымен қатар фольклортану мен әдеби мұраны игерудегі ғалымның жаңашыл ізденістерін әдебиеттану ғылымының контекстінде талдап-тарқатады. Жалпы бүгінгі қазақ қоғамы Ә.Бөкейханды ұлт лидері, ғасыр басындағы қазақтың саяси көшбасшысы, ғалым ретінде жақсы танып-білгеніменен, әдебиеттанушы, сыншы, фольклортанушы Әлихан мен оның әдебиет тарихындағы орны кейінгі кезге дейін толық нақтыланып, жеткілікті дәрежеде бағаланбай келгені жасырын емес. Осы олқылықты толтыруда, ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен әдебиеттануында Ә.Бөкейхан есімінің ойып орын алатынын Ж.Смағұлов өзінің мақала-зерттеулерінде толық дәлелдеп, көрсете білді. Әлиханнның «Қобыланды жырындағы әйелдер» атты 1899 жылы орыс тілінде жазылған зерттеу мақаласын «Бұл - ұлттық әдебиет туралы ғылымның арғы бастауларынан бері келе жатқан ғылыми ізденістер жолында нақты бір көркем шығарманы ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық тұрғыда тұтастай алып талдаған алғашқы еңбек» деп бағалай келе, аталған мақаланың ғылыми мәні мен көтерген мәселелерін талдап, пайымдай отырып, төмендегідей тың тұжырымдарды ұсынады: «1. Ә.Бөкейхан өз мақаласы арқылы көркем шығарманы құрылысы мен сюжеттік желісіне қарай талдаудың алғашқы үлгісін салды. 2. Көркем шығарманы образына орай талдауға тұңғыш қадам жасалды; ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге шығарма кейіпкері деген ұғым енгізді; Қобыланды бейнесі арқылы тарихи, Көктен кемпір, Құртқа образдары арқылы мифтік кейіпкер деген түсініктің орын алуына бастама салды. 3. Әдеби шығарманың тарихқа қарым-қатынасы мен шыққан кезеңін анықтауда жаңа бағытты, яғни көркем шығарманың өзі арқылы, ондағы образдардың жасалуындағы көзқарас арқылы зерттеуді бірінші боп қолданды. 4. Ұлттық әдебиеттанудағы зерттеушілік ой-пікірде айтылып келген әдеби мұраның халықтығы проблемасын белгілі бір шығарманы талдау арқылы ғылыми негіздеді. 5. Образ жасаудағы автор шеберлігі деген мәселені тұңғыш рет сөз етті [5, 45-46]. Осы тұжырымдар негізінде Әлиханнның әдеби мұраны игерудегі ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан үлесі мен қосқан жаңалығын мақаланың өзінен нақты мысалдар келтіре отырып баяндайды, сол кезеңдегі әдебиеттану ғылымының деңгейімен салыстыра зерделейді. Осы мақала арқылы ұлттық фольклор туралы ғылым туу дәуіріне қарай нақты қадам жасады деген қортындыға келеді.

Ал «Әлихан мен Абай» атты зерттеу мақаласында Ж. Смағұлов ұлы ақын мен Алаш көсемінің арасындағы байланыс, XX ғасыр басындағы абайтану ғылымы және оған Ә.Бөкейханның қатысы деген мәселелер төңірегінде тұщымды ойлары мен өткір пікірлерін ортаға салады. Әлі де Алаш арысының әдебиеттану мен абайтанудағы еңбегінің дұрыс бағаланбай отырғанын алға тартады. Осы ойын 1903 жылы Санкт-Петербургте «Россия. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» деп аталатын көп томдықтың қазақ халқының тұрмысы, мәдениеті мен тарихына арналған XVII томының IV және V тарауларының авторы ретінде әлі күнге Н. Сидельников есімінің аталып жүргендігін, дұрысында бұл тарауларды жазуда Бөкейхановтың ерекше атсалысқанын, кейбір бөлімдерін тікелей өзі жазғандығын ғылыми негіздегі дәлелдерімен сабақтайды. Осы тарауда қазақ әдебиеті тарихында алғаш рет Абай Құнайбайұлы мен оның шығармашылығы ғылыми тұрғыда бағаланып, талданған болатын. Ал Ж. Смағұлов осы көптомдықтағы тоғыз жолдан тұратын пікір мен Әлиханнның 1905 жылы Абайдың қайтыс болуына орай жазған «Семипалатинский листок» газетіндегі «Абай Құнанбаев» (некролог) атты мақаласы бір адамның қолтаңбасы екендігін, осы мақала мәтіні негізінде бұл жолдардың авторы ақын Абай мен оның айналасын, шығармашылығы мен қазақ сахарасындағы орны мен беделін танып-білетін адам екендігі, ал А.Н.Сидельниковтың бұндай мәліметтермен өз бетінше таныс болуының, жазуының мүмкін еместігін нақты ғылыми тұжырымдар келтіре отырып дәлелдейді. Сонымен қатар «қысқасы 23 беттен тұратын бұл тараудағы халықтың орналасу тәртібі, этнографиясы, тұрмысы туралы жазған жерлерін А.Н.Сидельниковке (оларға қатысты ғалымдар дауласып алып жатса Ә.Бөкейхановқа) қалдыру керек те, әдебиет, мәдениет туралысын Алаш көсемінің еншісіне қайтару қажет» деп батыл қортындыға келеді [6]. Демек ұлы ақынның шығармашылығы мен әдебиеттегі орны оның көзі тірісінде ғылыми пікір мен бағаға ие болғанын, ол пікірдің иесі Әлихан екенін ұғынамыз.

Азаттыққа қолымыз жетіп, тәуелсіздік туының желбірегеніне ширек ғасыр толған бүгінгі күнге дейін әлихантану ілімі толық кемеліне жетпегенімен, Алаш арысының ғибратты ғұмыры мен сан-

салалы шығармашылығы, ол құрған Алаш партиясы, Алашорда үкіметі мен сол тұстағы тарихи жағдайлардың құпияға толы беттері күн өткен сайын ашылып, айқындалып, дәуір талабына сай бағалануда. Ширек ғасырға жуық өмірін ұлт лидерінің өмірі мен шығармашылығын зерттеуге арнаған филология ғылымдарының докторы, профессор Сұлтанхан Аққұлұлының еңбегі ерекше. Әлиханды ақтау туралы шешім қабылданысымен С. Аққұлұлы осы іске белсене кірісіп, жергілікті және Әлиханның табаны тиген Омбы, Самара, С. Петербор, Мәскеу қалаларының мұрағаттарынан Алаш зиялысы жайында құнды деректер мен ауқымды мәліметтер тапқан болатын. Осы ізденістердің нәтижесі ретінде алғашқылардың бірі болып 1995 жылы профессор М. Базарбаевтың жетекшілігімен Әлихан тақырыбында диссертациялық ғылыми еңбек жазды. Аталған еңбектің маңыздылығы сол, әдебиеттану ғылымында Алаш көсемінің өмірі мен қызметі, тарихи тұлғасы, сан түрлі ғылым саласындағы (соның ішінде әдебиеттану мен сын, көркем аударма) атқарған еңбектері алғаш рет танымдық тұрғыда жүйелі баяндалып, кең көлемде талданды. Ә. Бөкейханның туған жылы, студенттік жылдары мен «Омбы, Самара, Мәскеу кезеңдерін» мұрағат деректеріне сүйене отырып баяндайды. Сондай-ақ С. Аққұлұлы Европа ғалымдарының, зерттеу институттарының Орта Азия, XX ғасыр басындағы Қазақстан, Алаш үкіметі, оның ішінде Әлихан жайлы зерттеулері мен пікірлерін талдай отырып, Әлихан тұлғасын әлемдік деңгейде, кең масштабта қарастырады. Жалпы әлі күнге дейін халық Ә. Бөкейханды ұлт лидері, саяси көшбасшы ретінде баса таниды да, оның басқа да санқырлы дарыны мен еңбегі толық бағаланбай келе жатқаны жасырын емес. Зерттеуші С. Аққұлұлы бұл зерттеуінде осы мәселені баса назарда ұстап, Әлиханның ғылыми мұралары арқылы оның әмбебап тұлғасы мен елеулі істерін оң саралайды. «Ә.Н. Бөкейханды XX ғасыр басындағы азаттық қозғалыстың саяси көсемі, серкесі дегенімізде, әдетте біз оны тек саяси немесе қоғамдық процестер контекстінде ғана айтатынбыз. Бұл дұрыс емес. Өйткені, Ә.Н. Бөкейхан сол тұстағы әдеби қозғалысқа да елеулі атсалысып, оған да ғылыми, рухани жетекші болды» [7, 30]. Әлихан – әдебиеттанушы, Әлихан – фольклоршы, Әлихан – тұңғыш абайтанушы. Бұл Әлихан шығармашылығын толық танып-зерделегеннен туған автор пікірі. Әлиханның «Роман не нәрсе?», «Қобыланды батыр жырындағы әйелдер», «Ән, өлең һәм оның құралы» және бірқатар кітаптарға жазған сын мақалаларын талдай отырып, оның ұлттық әдебиеттану мен сын өнеріне, фольклортануға қосқан үлесі ескеріле отырып, оның шын мәніндегі кәсіби әдебиеттанушы бола білгендігін, өзі әдеби шығарма жазбаса да, сол тұстағы қазақтың ақын-жазушы, өнер иелеріне жол сілтеп, ағалық ақылын айтып, әдеби үрдістің қозғаушы күші болғандығы зерттеуде баса айтылады. Ә. Бөкейханның Абайтану атты іргелі ілімнің қазығын қағып, оны жалпақ жұртқа танытудағы еңбегі жөнінде «XX ғасыр басындағы ақын-жазушыларға үлгі-өнеге болсын деп, ұлттық әдебиеттің туы, ұраны болсын деп қайраткер-ғалым, кемеңгер-ақын – Абай мен оның шығармашылығын ұсынды. Ақынның өмірі мен шығармашылығын тұңғыш ғылыми тұрғыдан зерттеп, баспа бетіне бірінші болып жариялауы – осындай пікіріміздің бірден-бір дәлелі бола алады. Ғалым онымен шектеліп қоймай, ақынның шығармалары жинағын құрастырып, оны өзі қадағалап, С. Петербордан бастырып шығарды» деген пікір білдіреді [7, 33.] Ал Әлекеңнің публицистикалық қызметі жайында «...қазақтың тұңғыш жалпыұлттық басылымының, ең алдымен, дүниеге келуі, онан кейін жоғарыда ағылшын-француздар мен «Степняк» бергеніндей асқан «ғылыми сапаға жетуі» де Ә. Бөкейханның іс-әрекетіне тығыз да тікелей байланысты болатын. Өйткені, газеттің өне-бойы бас редактор болған А. Байтұрсынұлынан бастап, оның бірден-бір қызметкері бұрын-соңды не газет шығарған, не редакторлық еткен, тіпті журналистік немесе публицистік тәжірибесі болған жоқ-ты» дей отырып, ұлт көшбасшысының «Қазақ» газеті мен ұлттық баспасөзге сіңірген еңбегін, оның сан тараулы мәселелерді қамтыған мақалаларын талдап-екшей отырып, Әлиханды көсемсөз шебері, қазақ журналистикасының атасы ретінде ашып көрсетеді [7, 32]. Сонымен бірге көптеген көркем аудармалардың авторы болған Ә. Бөкейханның аудармашылық қыры мен оның негізгі мамандығы ормантану мен өлкетанудағы, білгір экономист ретіндегі жан-жақты талантына әдебиетші зерттеуінен тыс қалмаған. Тұтастай алғанда бұл зерттеуінде С. Аққұлұлы Ә. Бөкейханның сан-салалы шығармашылық тұлғасын таныта алғанымен, оның әр сала бойынша атқарған қызметінің әрқайсы жеке-дара зерттеуді қажет етері сөзсіз. С. Аққұлұлы жылдар бойында, бүгінгі күнге шейін жоғарыдағы зерттеуін Әлихантандың өрісін кеңейткен, тың, соны деректен тұратын бірқатар мақалалары арқылы толықтырды. Ал 2009-2013 жылдары аралығында С. Аққұлұлының құрастыруымен және алғысөзімен Алаш көсемінің 9 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Бұл Алаш Арысының 40 жылға уақыт шығармашылық жолында жазып қалдырған, баспа бетін көрген күллі ғылыми мұрасының тұңғыш рет біртұтас, жүйеленіп жариялануы болатын. Ғалымның кейіннен табылған шығармалары мен эпистолярлық жазбалары, жаңадан табылған фотосуреттер мен архив деректері де жинақта енгізілген. Қөптомдықтықта Ә. Бөкейхан мұраларымен қатар С. Аққұлұлының жоғарыда аталған зерттеуінің жалғасы іспетті бірқатар зерттеу мақалалары

камтылған. Аталған мақалаларда Әлихан өмірінің қыр-сыры, беймәлім құпиялары мен әлихантануда толық шешімін таппаған бірқатар мәселелер көтерілген. Атап айтқанда әдебиетші Әлиханның өз мақалаларында қолданған бүркеніш есімдеріне қатысты дәлелді пікірлерін алға тартады. Алаш арысның бұрыннан белгілі бүркеніш есімдерінен бөлек жаңа бүркеніш есімдерімен жазылған мақалаларын анықтап, басқа да Алаш қайраткерлеріне қоса телініп жүрген мақалалардың шын иесі Әлихан екенін деректі құжаттармен дәлелдейді. Ә. Бөкейханның өмірінің «жұмбағы көп» Мәскеу кезеңі турасында, Әлихан мен И. Сталин қарым-қатынасы жайында, жалпы 1922-1937 жылдардағы Ә. Бөкейханның іс-әрекеті, тыныс-тіршілігі жөнінде де біршама тың мағұлматтар берілген. Оны зерттеуші архив деректері мен Әлиханның хаттары сынды маңызды құжаттар негізінде баяндайды. Сонымен қатар, жалпы XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыс, сол кезеңдегі саяси-мәдени өзгерістер, Алаш идеясы мен Әлихан бастаған ұлт қайраткерлерінің ісін, тарих ғылымымен тұтастықта жан-жақты талдап-талқылаған зерттеу мақаласына да көптомдықта орын берілген. Мақалада Т. Раковса-Хармстоун, М. Олкотт, А. Беннигсен, Д. Джеффри, Дж. Бэйкер сынды ағылшын, француз ғалымдарының Ә. Бөкейхан мен XX ғасыр басындағы саяси қозғалыстар жайындағы ой-пікірлері де орынды келтірілген.

Ә. Бөкейханның ғибратты ғұмыры мен оның мол ғылыми мұрасы әлі де талай зерттеулердің өзегі болары анық. Десе де әлі күнге шейін Алаш көсемі жайында жекелей зерттеу еңбегінің жазылмауы көңілді қынжылтады. Бұл ұлттық әлебиеттану мен тарих туралы ғылымның алдында тұрған үлкен міндет. Биыл Әлиханның туғанына 150 жыл екенін ескерсек, осы мерейтой қарсаңында әлихантанудың біраз мәселелері өз шешімін табады деп сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бөкейхан Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
2. Бөкейхан Ә. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 526 б.
4. Жұртбай Т. Ұраным – Алаш. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 472 б.
5. Смағұлов Ж. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттану ғылымы. – Қарағанды, 2012. – 446 б.
6. Смағұлов Ж. «Абай және Әлихан» Қазіргі таңдағы қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының өзекті мәселелері. Ғылыми мақалалар жинағы. – Қарағанды, 2002. – 360 б.
7. Аққұлұлы С. Ә. Бөкейхан: өмірі мен қызметі // Жұлдыз. – 1996. - №3. – 3-75 б.
8. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. - Астана: Сарыарқа, 2009. – 423 б.
9. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 510 б.

Балабекова Ж.Е., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, шетел тілдер факультеті, КАФ-41 тобының студенті
(Ғылыми жетекші - гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы **Ашимханова С.З.**)

«ГАЛАКТИКА САҚШЫЛАРЫ» КӨРКЕМ ФИЛЬМІНДЕГІ СЛЕНГТЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Ғасырлар бойы зерттеушілердің әдеби емес сөздікқорға, әсіресе ерекше болып табылатын сленгтерге деген қызығушылықтары арта түсті. Бұл жағдайды былайша түсіндіруге болады: сленг әрқашан өзінің метафорлық сипатымен, айқындылығымен, бейдәстүрлі атауымен ерекше. Жазушылар сленгті өз шығармаларында стилистикалық мақсаттарын (сөйлеу мәнерінің ерекшелігі үшін, белгілі бір адам көңіл-күйін дәлме-дәл оқырманға жеткізу үшін, нақтылық, экспрессивтілік, қысқа да нұсқа түрде ойды жеткізу үшін) іске асыру үшін жиі қолданады. Ал, қазіргі таңда режиссерлер сленгтерді фильмдерінде кейіпкерлер сөзіне бір жаңашылдық мән беру немесе заманауи екенін көрсету үшін қолданады.

Қазіргі таңда ағылшын тіліндегі көркем фильмдердегі сленгтерді түпнұсқадан қазақ тіліне аудару сапасының төмендігі үлкен мәселе. Себебі сленгтердің сапасыз аудармасы жасөспірімдердің қазақша дубляждалған фильмдерге деген қызығушылығын төмендетеді немесе тіпті жояды, сол себепті сленгтерді көркем фильмдерде дұрыс беру және аудару керек. Осы мәселе, яғни фильмдердегі сленгтерді ағылшын тілінен қазақ тіліне дұрыс аудару берілген жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Жұмыстың мақсаты - «Галактика сақшылары» көркем фильміндегі сленгтерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару ерекшеліктерін анықтау.